

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1997 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 ақпандағы N 209

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақ КСР-і Заңына және "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1997 жылға арналған бюджеті қосымшаға сәйкес кірістері мен шығыстары бойынша 9334224 мың теңге сомасында бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының қаражатын нысаналы пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті сақтандыру жарналарының толық және уақтылы жиналуын қамтамасыз етуге жәрдемдессін.

4. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының қаражатын нысаналы жұмсауға бақылау жасау оның басқармасы мен тексеру комиссиясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жыл 13 ақпандағы
N 209 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының
1997 жылға арналған бюджеті

КІРІСТЕР

мың теңге

1. Жұмыс берушілердің міндетті сақтандыру жарналары - барлығы	8070000
соның ішінде:	
бюджет ұйымдарын есептемегенде (2,0%)	7300000
бюджеттік ұйымдарда (1,0%)	770000
2. 1996 жылғы міндетті сақтандыру жарналары бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін қаражат	545133
3. Өсімдер мен айыппұлдар	150000
4. Халықаралық Қайта Жаңғырту және Даму банкі займның түсуі	562591
5. Бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан түсетін кіріс	6500

КІРІСТЕР ЖИЫНЫ 9334224

ШЫҒЫСТАР

1. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу	5236425
2. Жұмыссыздарды кәсіпке даярлау және қайта оқыту соның ішінде:	860938
жұмыссыздарды қайта оқытуға арналған шығындар	529808
шағын бизнес пен кәсіпкерлікке оқытуға арналған шығындар	331130
3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру	203580
4. Мүгедектерге жабдық пен бейімделген керек-жарак сатып алуға жұмсалған шығынның орнын толтыру	14000
5. Жаңа жұмыс орындарын құруды және жеке кәсіпкерлікті дамытуды қолдау	1224636
6. Халықпен, жұмыс берушілермен ақпараттық-анықтамалық жұмыс жүргізуге және жарнамалық қызмет көрсетулерге жұмсалатын шығындар	59000
7. Қазақстанның Халық Банкінің көрсететін қызметі	48943
8. Жұмыспен қамту қызметін ұстау	646576
9. Халықаралық Қайта Жаңғырту және Даму Банкінің займына сәйкес үлгілік орталықтарды жөндеуге қатысты бөлігін қосымша қаржыландыру	29786
10. Халықаралық Қайта Жаңғырту және Даму Банкінің займына сәйкес үлгілік орталықтарды пайдалануға	

беру кезінде жөндеуге, материалдық қамтамасыз	
етуге, оқыту мен қызметтерге жұмсалатын шығындар	562591
11. Халықаралық Қайта Жаңғырту және Даму Банкінің	
займдарын пайдаланғаны үшін процент төлеу	21749
12. Тұрғын үй құрылысында қосымша жұмыс орындарын	
құру	400000
13. Қаржылық құнды қағаздарға салу	26000
шығыстар жиыны	9334224
Шығыстардың кірістерден асып түсуі	0